

Қаратау гуманитарлық-техникалық колледжі

Қамқоршылық кеңестің хаттамасы

№ 3

Қаратау қаласы

« 24 » сәуір 2019 жыл

	<i>Қатысқандар:</i>	
<i>Комиссия төрағасы:</i>	Жолдасов Қ.Б.	- колледж түлегі, «Талас жолдары» ЖШС басшысы
<i>Комиссия хатшысы:</i>	Примова А.М.	- колледж қызметкері
<i>Мүшелері:</i>	Төлебаев А.Т.	- колледж түлегі, аудандық мәслихаттың хатшысы
	Омаров Қ.К.	- «Казфосфат» ЖШС Шолақтау ТКӨК басшысы
	Сейдалиев Р.М.	- «Игілік» көпсалалы кәсіпорынның директоры
	Тоқмырзаев Ғ.Е.	- Талас ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің бас инспекторы
	Сембин Б.Ж.	- ата-аналар комитетінің мүшесі
	Қартабаев Ғ.Т.	- «Нұр Отан» партиясы Талас аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары
	<i>Қатыспағандар:</i>	
	Изенбаев М.К.	- «Бином» ЖШС бас инженері (іссапарда)
	Естенбаева А.Т.	- ата-аналар комитетінің мүшесі (отбасы жағдайына байланысты)
	<i>Шақырылғандар:</i>	
	Маселбеков Д.М.	- колледж директоры
	Ильясов А.Т.	- директордың орынбасары
	Ибраимов Ғ.А.	- директордың орынбасары
	Бірлік Н.	- колледж инспекторы, аға лейтенант

КҮН ТӘРТІБІ

1. Дуальды оқыту жүйесі бойынша оқу үрдісінің ұйымдастырылуы және студенттердің оқу өндірістік іс-тәжірибелерін өткізуде әлеуметтік серіктестерімен жасалған келісім шарттардың орындалуы
2. «Мәңгілік ел» идеясын іске асыруда қазақстандық патриотизмді студенттердің бойында қалыптастыру және «Болашаққа бағдар- рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» мақалалары аясында ұлттық құндылықтарды үгіттеу, «Туған жер» бағдарламасын ілгерлету және

көптілдікті игеруде «Рухани жаңғыру» оқу орталығы мен факультативтік курстардың жұмысы

3. Білімгерлер арасында құқықтық тәртіп бұзушылықтың алдын алу бойынша қабылданған іс-шараларды іске асыруда кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер ісі жөніндегі ТАІБ ЮП инспекторы Н.Бірліктің 2018 жылы мен 2019 жылдың I- тоқсанында атқарған есебі

Бірінші мәселе бойынша

СӨЙЛЕГЕНДЕР: А.Ильясов

А.Ильясов, директордың оқу-өндіріс ісі жөніндегі орынбасары – «Дуальды оқыту жүйесі» бойынша 2018-19 оқу жылына колледжден 10.09.2018ж. шығарылған №190 бұйрықпен 86 білімгер тіркелген. «мекеме - колледж - Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы - Жамбыл облыстық кәсіпкерлер палатасы» арасында 4 жақты келісім-шарт және ҚР БЖҒМ 2018 жылғы 28 қантардағы №93 бұйрығы негізінде «мекеме-колледж-білім алушы» (білімгер 18-ге толмаған жағдайда ата-анасымен де) арасындағы 3-жақты келісім-шарттар жасалып, кәсіпкерлер палатасымен тіркелген, сонымен қатар, «мекеме-колледж-аудандық халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» арасында 3-жақты меморандумға да қол қойылған.

«Дуальды оқыту жүйесі бойынша оқып жатқан бұл топтарға осы оқу жылына оқу процесінің кестесіне сәйкес оқу тәжірибелері ғана қарастырылған, ал өндірістік тәжірибелер алдағы оқу жылдарына жоспарланған.

Жалпы колледж бойынша 1 семестрге 18 оқу тәжірибесінен 332 білімгер, 8 өндірістік тәжірибесінен 132 білімгер, барлығы 346 білімгер оқу- өндірістік тәжірибесінен өтсе, бүгінгі күнге, 2 оқу тәжірибесінде 30 білімгер, 6 өндірістік тәжірибесінде 100 білімгер тәжірибеден өтуде.

Барлық өндірістік тәжірибелерін өтуге 36 мекемемен ҚРБЖҒМ №582 бұйрығымен 2-жақты және ҚРБЖҒМ №93 бұйрығымен 3-жақты келісім-шарттар жасалған.

Білімгерлерге «Жұмысшы мамандығын алу» өндірістік тәжірибелерін өткеннен кейін арнайы жұмысшы куәліктері беріледі. Сонымен қатар, «Модульды оқыту» технологиясы бойынша білім алып жатқан 2 курс 0707, 1401, 1405 мамандықтарының білімгерлеріне биыл бірінші рет ОПК сәйкес маусым айының 15-21 аралығында біліктілік емтихандарын тапсыру арқылы 1-ші жұмысшы мамандықтары берілетін болады.

Әлеуметтік әріптестік моделін қалыптастыруда 14 мекемелермен тығыз байланыс орнатылған айтып өтті

Кеңес мүшелері жұмыс жоспарын талқылай келе төмендегідей шешім қабылдады.

ШЕШІМ:

1. «Дуальды оқыту жүйесі бойынша оқу үрдісінің ұйымдастырылуы және студенттердің оқу-өндірістік іс-тәжірибелерін өткізуде әлеуметтік серіктестіктермен жасалған келісім-шарттардың орындалуы» туралы

директордың оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары А.Ильясовтың хабарламасы назарға алынсын.

2. Дуальды оқыту жүйесі бойынша оқу үрдісін ұйымдастыруда оң істер аталып өтсін. Яғни барлық кәсіпорындармен 2,3,4 жақты келісім-шарттар жасалғаны, 0816 «Химиялық технология және өндіріс» мамандығы бойынша оқу іс-тәжірибелердің «Казфосфат» ЖШС-гі Шолақтау ТКӨК Ғылыми – зерттау зертханасында өтуі және кадрлармен қамтылуы
3. Дуальды оқыту бойынша келісім-шарт жасалған мекеме басшыларына
 - оқу-өндірістік іс-тәжірибелердің сапалы өтуін және бағдарламаға сәйкес тиісті жұмысшы орындармен қамтамасыз ету сұралсын.
 - Білімгерлердің жаңа технологиялық үрдістер мен заманауи қондырғылармен жұмыс істеуіне жағдай жасалу және еңбек-техникалық қауіпсіздік шараларын назарда ұстау сұралсын.
4. Колледж әкімшілігіне:
 - студенттердің оқу-өндірістік іс-тәжірибелерге толық қанды қатысуы қамтамасыз етілсін.
 - дуальды оқыту бойынша қабылданған іс-шаралардың сапалы орындалуы қамтамасыз етілсін.
5. Осы шешімдердің орындалуын қадағалау кеңеске жүктелсін.

Екінші мәселе бойынша:

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Ғ.Ибраимов

Ғ.Ибраимов, директордың жалпы және тәрбие құқықтық ісі жөніндегі орынбасары – «Мәңгілік ел» идеясын іске асыру бойынша жалпы: 26 іс-шара, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында: «Тарихи өлкетану» факультативтік курсының аясында – 14 іс-шара, «Әдеби өлкетану» факультативтік курсының аясында – 6 іс-шара өткізілгенін атап өтті.

Кеңес мүшелері жұмыс жоспарын талқылай келе төмендегідей шешім қабылдады.

ШЕШІМ:

1. «Мәңгілік ел» идеясын іске асыруда қазақстандық патриотизімді студенттердің бойында қалыптастыру және «Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» мақалалары аясында ұлттық құндылықтарды үгіттеу, «Туған жер» бағдарламасын ілгерлету және көптілдікті игеруде «Рухани жаңғыру» оқу орталығы мен факультативтік курстардың жүргізілуі» туралы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ғ.Ибраимовтың баяндамасы назарға алынсын.
2. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалалары мен «Мәңгілік ел» патриоттық идеясын іске асыруда қабылданған іс-шаралардың орындалуы қамтамасыз етілсін.
3. Білімгерлердің бойында қазақстандық патриотизімді қалыптастыруда тақырыптық тәрбие сағаттары жүргізілсін және елге танымал еңбек

азаматтары мен ардагерлердің және жастардың қатысуымен дөңгелек үстелдер және дебаттар өткізілсін.

4. Рухани жаңғыру оқу орталығының жұмысы жандандырылсын
5. Осы шішімдердің орындалуын қадағалау кеңеске жүктелсін.

Үшінші мәселе бойынша:

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Н.Бірлік

Н.Бірлік, кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер ісі жөніндегі ТАІІБ ЮП инспекторы, аға лейтенант - Негізсіз себептермен сабақтан қалатын студенттермен жұмыс жүргізу. Үзіліс кезінде колледж территориясында және оған жақын орналасқан аумақта студенттердің мінез-құлқын бақылау. Қиын балалармен, «бейресми» белсенді-лермен, есепте тұрған тұлғалармен жұмыс. Қадағалауысыз және панасыз қалған балаларды анықтау мақсатында рейдтік іс-шаралар жүргізу. Көрнекі орындарға «біріңғай 150» сенім телефоны туралы мәліметтер орналастырылды. «XXI ғасырдағы қазақстандық ата-ана: өз балаңа үлгі бол» атты колледждің жалпы ата-аналар жиналысы өтті. Қаратау қаласындағы кафелерде (ресторан-дарда) жастар тарапынан қоғамдық тәртіптің орындалуына шолу жүргізіп, аталған мекемелердің әкімшілеріне түнгі уақытта (сағ 22⁰⁰ -06⁰⁰) кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп-жүруінсіз ойын –сауық мекемелерінде болуы немесе аталған мекемелерде жұмыс істеуін шектеу жөніндегі ҚРның қолданыстағы заңнамасын түсіндірді. Түнгі уақытта (сағ 22⁰⁰ -06⁰⁰) кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп-жүруінсіз ойын –сауық мекемелерінде болуы немесе аталған мекемелерде жұмыс істеуін шектеу мақсатында Талас АІБ ЮПТ инспекторларымен кездесу өткізілді. «Жастар арасында қоғамдық тәртіпке мойынсұну мәдениетін қалыптастыру» тақырыбында білімгерлермен кездесу өткізілді. Девиантты мінез-құлыққа бейім білімгерлердің қатысуымен, әлеуметтік желілер арқылы таратылған әлімжеттік оқиғалары талқыланды. «Жастар арасындағы суицид: себептер мен салдарлар» тақырыбында тиісті мемлекеттік ұйымдар мен мекемелердің қызметкерлерімен білімгерлердің кездесуі өтті. Аудандық полиция бөліміне студенттердің танымдық экскурсиясы ұйымдастырылды.

Жоғарыда аталғаннан басқа, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 32 білімгерге қатысты ата-аналарын ескерту туралы ӘҚБтК 442 бабының 1 тармағына сәйкес хаттама толтырығанын айтты.

Тіркеудегі 12011896 тобының білімгері Мамбедов Абылай мен 14011896 тобының білімгері Көшен Диастың, 14051796 тобының білімгері Мұрат Жандарбектің, 13051796 тобының білімгері Оразбек Құндыздың мекен-жайы бойынша ата-аналарымен профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жүргізгендігін атап өтті.

Кеңес мүшелері жұмыс жоспарын талқылай келе төмендегідей шешім қабылдады.

ШЕШІМ:

1. «Білімгерлер арасында құқықтық тәртіп бұзушылықтың алдын алу бойынша қабылданған іс-шараларды іске асыруда кәмелеттік жасқа

толмаған жасөспірімдер ісі жөніндегі ТАІБ ЮП инспекторы Н.Бірліктің 2018 жылы және 2019 жылдың 3 айында атқарылғын жұмыстарының есебі» туралы инспектор Н.Бірліктің баяндамасы назарға алынсын,

2. Кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер ісі жөніндегі инспекторына:
 - тәртіп бұзушылықтың алдын алу бойынша қабылданған іс-шаралардың орындалуын іске асыруда колледж әкімшілігімен байланыс күшейтілсін.
 - колледждің тәрбие жұмыстарына жауапты қызметкерлері мен бірлесіп ТАІБ мен колледжішілік тіркеуде тұрған білімгерлермен және ата-аналарымен тұрақты түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
3. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ибраимовқа:
 - тәртіп бұзушылықтың және суицидтің алдын алу бойынша колледж білімгерлері арасында девиантты мінез-құлыққа жақын, әлжуаз білімгерлерді анықтау және олармен тиісті жұмыстарды жүргізу максатында сауалнамалар алынып, тиісті іс-шаралар қабылдансын.
 - күнделікті үзіліс, сабақтан қайтқан кезінде және кешкісін жатақханада оқытушылардан кезекшіліктер ұйымдастырылсын, жүргізілу бақылауға алынсын.
4. Осы шешімдердің орындалуын қадағалау кеңеске жүктелсін.

Комиссия төрағасы:

Қ.Б. Жолдасов

Мүшелері:

А.Т. Төлебаев

Ғ.Т.Қартабаев

Қ.К. Омаров

Р.М. Сейдалиев

Ғ.Е. Токмырзаев

Б.Ж. Сембин

Комиссия хатшысы:

А.М. Примова